

Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі Отрадное жайлауы аумағындағы карантинді тоқтату туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 17 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 желтоқсанда № 5904 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шыңғырлау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекеме басшысының 2019 жылғы 27 қарашадағы № 01-18/617 ұсынысы негізінде Ақшат ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі Отрадное жайлауы аумағында мүйізді ірі қара мал арасында қарасан ауруының пайда болуына байланысты белгіленген карантин тоқтатылсын.

2. Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 6 қарашадағы № 14 "Шыңғырлау ауданы Ақшат ауылдық округі Отрадное жайлауы аумағына карантин белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5857 тіркелген, 2019 жылғы 13 қарашадағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Ақшат ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Ю.Б.Бокаев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақшат ауылдық округінің әкімі

М. Сатыбалдиев